

Р. Пандей , С. Исмагулова* 

Банарас Хинду университеті, Үндістан, Варанаси қ.

*e-mail: symbatista@mail.ru

ЕЖЕЛГІ АО НАГАЛАРЫ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «БАС АЛУ» ТҮСІНІГІ

XIX ғасырдың ортасына дейін өз бетінше сыртқы саяси ықпалдан тыс, оқшау өмір сүрген Ао Нагалары ғасырлар бойы бас алу тәжірибесін жүзеге асырып келді. Көп жағдайда, оны мән-мағынасыз, кездейсоқ “біреудің басын кесіп алу” немесе көлденең келгенді бір себеппен, ия себепсіз оңды-солды шаба беру деп түсінеді. Алайда, бұл тәжірибе – Нагалардың уақыт тезінен өтіп, өз даму жолымен белгілі бір дәрежеде шыңдалған, соғыс тактикасындағы өзіндік бір дәстүр-салтқа айналған қорғаныс пен шабуыл тәсілі болды. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі бүтіндей тек тайпа еректерінің әскери дайындығына тәуелді еді. Басқаша айтқанда, монархиялық құрылымдағы шағын, саяси қоғамдық бірлікті құраған Нага халықтары үшін бас алу тәжірибесі – олардың айналасындағы өздері секілді басқа да бәсекелес тайпарлардан қорғанып қана қоймай, сол тартыста тәуелсіз өмір сүруге ұмтылудан туындаған қажеттілік пен өмір үшін күрес механизмі деп те анықтауға болады. Алайда, қазіргі кезде бұл тәжірибе толық дерліктей христиан дініне бет бұрған жаңа Нагалардың бүгінгі ұрпақтары үшін өткен тарихтың нышаны ғана боп қалды.

Түйін сөздер: Бас алу салты, Ао Нагалары, Арэн, Ариджу, тайпалық дәстүрлі қоғам.

R. Pandey, S. Ismagulova*

Banaras Hindu University, India, Varanasi

*e-mail: symbatista@mail.ru

Concept of headhunting in the ancient Ao Naga society

Until the mid of the 19th century, the Ao tribes had lived isolated from foreign political influence and practiced “headhunting” for thousands of years. In most cases, this horrendous practice was understood as a senseless and accidental “cutting off someone’s head” for some reason or even for no reason. Nevertheless, the “headhunting” practice was a method of defense and attack, which had constituted a tradition in Ao Naga military tactics. The safety of the villagers depended entirely on the level of military training of the tribe’s male population. In other words, for the Naga tribes, who represented socio-political units in a monarchical structure, the practice of “headhunting” meant not only self-defense from the hostile tribes, but also as a mechanism for survival. However, the practice has become only a symbol of the past Naga history for the modern generations today that entirely have converted to Christianity.

Key words: Headhunting, the Ao Nagas, Aren, Arijju, tribal custom, traditional society.

Р. Пандей, С. Исмагулова*

Банарасский университет, Индия, г. Варанаси

*e-mail: symbatista@mail.ru

Концепция «охоты за головами» в древнем обществе Ао Нагов

До середины XIX века племена Ао жили в относительной изоляции от иностранного политического влияния и тысячелетиями практиковали “охоту за головами”. Во многих случаях эту грозную практику понимали как бессмысленное и случайное “отсечение чьей либо головы” по каким-то причинам или даже вовсе без причины. Тем не менее, этот опыт был способом обороны и нападения, ставшим своеобразной традицией в военной тактике племен. Безопасность жителей деревни полностью зависела от военной подготовки мужчин племени. Иными словами, для народов Нага, которые представляли собой небольшие своеобразные социально-политические единицы в монархической структуре, практика “охоты за головами” означала не только самозащиту от окружающих их враждебных племен, но и как механизм борьбы за выживание. На сегодняшний день этот опыт является всего лишь символом прошлой истории для нынешних поколений Нагов, которые почти полностью обратились в христианство.

Ключевые слова: Охота за головами, племена Ао, Арэн, Ариджу, племенное традиционное общество.

Кіріспе

Әрбір дәстүрлі қоғам қоршаған ортасын танып, түсіну, оны басқаға түсіндіру немесе алдын ала болжау, сондай-ақ, оны бақылауға алып, тізгінде ұстау үшін дінге жүгінетіні белгілі. Нага тайпалары да бұл орайда, аталмыш тарихи үрдістен тыс қалмайды. Ежелгі Нагалардың діни нанымдары анимистік негізде дамыды. Массивті таулы қыраттары мен бөктерлерінің беткейлерін жағалай қоныс тепкен көптеген ірішағын қауымдық бірлестіктер ғасырлар бойғы тұрмысында діни наным-сенімнің тайпалық қоғамға тән өзіндік жүйесін қалыптастырды.

Ао Нагалары Үндістанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Нагаленд штатының негізгі он бес шақты ірі тайпаларының бірі. Жер бетіндегі тіршілік атаулының Иесі, жер мен көкті жаратушы ең жоғарғы бір Құдіреттің бар екендігіне сену ежелгі тайпалардың өмірінде кең ете алған құбылыс. Аолардың өз арасында тараған аңыз бойынша, тайпа *Луң-Тхорок*, яғни аударғанда, Қасиетті алты тастан бастау алады-мыс. Ол аңыз-мекен қазіргі Саңтам аймағындағы *Чоңлиймти* деген жерде орналасқан. Нагалар тарихының белгілі зерттеушісі, Алемчиба қолдағы бар мәдени дереккөздерге сүйене отырып, “олар, (яғни Аолар) алдымен бүгінгі Манипур штатындағы Таңкхулдар аймағынан өтіп, солтүстікке қарай орналасқан Чақсаң шекараларын бойлай жүріп, *Йумчүң* жеріне енеді, бұл арадан тағы солтүстікке қарай бет алып, Саңтам аймағы арқылы *Чоңлиймтиге* жеткен соң, осы арадан батысқа қарай ығысып, Дхико өзенін кесіп өтіп, *Оңпаңқоң* тау бөктерлеріне қоныс тепкен. Әрі қарай осы өңірде тоқтап, бұл аймақты Аолардың тұрақты мекеніне айналдырып, өсіп-өніп, тамыр жайған” деген қортынды жасайды (Alemchiba, M., 1970).

Аолар – XIX ғасырдың соңына таман американдық баптист миссионерлерінің уағызымен христиан дініне кірген нагалар арасындағы ең алғашқы тайпалар. 1894 жылы Ао жерінің кіндігі саналған Импурде ең үлкен діни орталық – Америкалық баптистер миссиясының негізі қаланды. Бұл миссияның ашқан алғашқы мектептерінде ең алдымен, Ао ауылдарының басшылары, яғни ру қосемдерінің балалары мен ауқатты отбасылардан шыққан жеткіншектер латынша хат танып, дін үйрене бастады (Ganguli, M., 1984).

Алайда, батыс білім жүйесі христиан дінінің негізін қалай отырып, тайпалардың төл мәде-

ниетін тамырынан ажыратты. Бұған дейінгі өмірінде жазу мәдениеті болмаған қарабайыр қоғамда тысқары саяси не мәдени күштердің ешбір ықпалын көрмей, өз сорпасында өздері қайнаған Нага халықтары үшін бұл түбегейлі өзгерістердің алғашқы қадамдары осылай басталған еді.

“*Хэдхантерс*” (*Headhunters*) – ағылшын тілінен тікелей аударғанда мағынасы “*бас аулаушылар*” немесе қазақшалайтын болсақ, “бас алғыштар” дегенді білдіретін бұл термин, негізінен жазықтағы халықтардың Үндістанның солтүстік-шығысындағы таулы аймақты мекен еткен барлық Нага халықтарына берген жалпы атауы.

Нагалар туралы ең алғашқы деректер шамамен б. з. 1228 жж. Ахомдар шежіресі – *буранджилерде* кездеседі. Бұл аталған XIII ғасырдағы Ахом патшаларының тарихнамасында Нага тайпалары жайлы аса көп мағлұмат берілмегенмен, Ассам жерінің солтүстігіндегі орналасқан биік тау бөктерлерінде бірін-бірі қырып-жойып, жауының басын шауып, бас сүйектерін тізіп қоятын табиғаты тағы жауынгер халықтардың мекендейтіні туралы қысқаша баяндалады.

Бас алу тәжірбиесінің шығуы туралы Аолар арасында мынадай бір көне аңыз бар: “*Жаратылыстың басында тек бір зәулім ағаш қана болыпты-мыс. Жануарлар мен құстар сол ағаштың жемістерімен қоректенеді екен. Бір күні бір құстың аузынан жеміс жерге түсіп кетеді. Түскен жемісті кесіртке жеп қояды. Құстар кесірткеден жеміс қайда деп сұраса, кесіртке жемісті қызыл құмырсқа жеп қойды деп жауап береді, бірақ құмырсқа бұны жоққа шығарады. Ақыры екеуінің арасында басталып кеткен қызу шайқастың соңы құмырсқалардың жеңісімен аяқталады. Кесірткенің басын бөліп тастаған құмырсқалар жеңгендеріне қуана, би билеп айқайға басыпты. Бұл жанталас ұрысты адам бастан аяқ бақылап қарап тұрған екен деседі” (Penzu, T., 2009). Міне, осылай адам баласы өзінің жауын жену үшін оның басын алуды сол күннен бастап үйреніп салтына айналдырған екен деседі.*

Бас алу тәжірбиесінің қалыптасу тарихын түсіндіруге тырысатын әрі шындыққа көбірек жанасатын тағы бір тұжырым мынадай: шайқас кезінде елде қалған ауыл тұрғындары соғыс нәтижесін тақымын қысып, тағасыздана күтіп отырады. Алайда күр сөзбен сүйінші сұрап хабар жеткізгеннен гөрі, жетістіктерін дәлелдейтін нақты бір белгі қажет болса керек. Сондықтан,

жауынгерлер дәлел ретінде құрбандарының басын өздерімен бірге әкеле бастайды. Сонымен қатар, батырларының соғыс туралы әлқисасын тыңдауға құмар руластарына жауынгерлердің осы дәлелдерін көрсете отырып айтқан әңгімелері сенімдірек те, әрі өсіп келе жатқан жастарды жігерлендіре түсетіндей өте әсерлі болатын. Осылайша, тайпалар бас алуды әдетке айналдыра бастаған екен.

Қазіргі замандағы өркениетті қоғам жабайылықтың белгісі саналатын бас алу секілді көне тәжірибені ешбір себеппен де ақтамайтыны белгілі. Дегенмен, Ао Нагаларының өткен тарихын түсіну үшін оқырманымыз дәл осы бас алу тәжірибесіне зер салу арқылы бұл тайпалардың ескі қоғамындағы динамизм мен мәдени құндылықтарды толығырақ елестетуге мүмкіндік алады.

Тақырыпты таңдау негіздемесі мен мақсат-міндеттері

Отаршылдық заманында тарихи, саяси, ғылыми-техникалық тұрғыда ілгері ұмтылған Батыс қоғамының жаңа көзқарасы өзімен салыстырғанда анағұрлым артта қалған Шығыстың ірі-ұсақ мемлекеттері мен халықтарының тағдырында шешуші роль атқарғанын білеміз. Капиталистік жүйеге негізделген батыс экономикасының қарқынды дамуына қажетті шикізат көзі ғана емес сондай-ақ, саяси-идеологияның да құрбанына айналып, тарихының бұрмалануы немесе теріс пікір, көзқарас қалыптастыру үрдісі орын алған кездер жетерлік. Отаршыл идеологияның ықпалына түскен Шығыс елдерінің, әсіресе, ру мен тайпалық құрылымда батыс өркетниетінен мүлдем алшақ, қаннен қаперсіз өмір сүрген халықтардың тарихы күрделі һәм қиын, тіпті кей жағдайларда қайғылы тәжірибелерге толы.

Мақалаға арқау болған тақырып осындай халықтардың бірі, тек бір ғана бас алу тәжірибесін ұстанғаны үшін өзіне “жабайы”, “тағы” деген таңба тағылып, ғасырлар бойғы мәдени мұрасының негізінен айырылып қалған Нагалар, оның ішінде ежелгі Ао тайпаларының өмір салты мен әдет-ғұрпы жайында қазақ тілді аудиторияға барынша толық мәлімет беру – зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеудің ғылыми әдістемесі

Мақала қазақ тілді ғылыми орта мен оқырманға бұрын-соңды еш танылмаған тақырыпты талқыға салғандықтан, тек ағылшын тілінде жазылған еңбектердің нақты дерек-фактілерлерін, дәлірек айтқанда, ағылшындардың билігі тұсында әкімшілік қызметті қоса атқарған батыс авторларының этнографиялық монографиялары мен Үндістанның тәуелсіздінен кейінгі ғалымдар зерттеулерінің деректері негізге алынды. Сонымен қатар, тайпалар тарихының басқа арнаға бұрылуына тікелей түрткі болған алғашқы христиан миссионерлерінің жазбалары мен естеліктері де дереккөз ретінде берілген жұмыстың құндылығын арттыруға үлес қосты. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидаттарына мән беріліп, тарихи-танымдық сараптау, талдау тәсілдері мен жинақтау әдістеріне басымдылық берілген.

Зерттеудің нәтижелері мен талдануы

Бас алу тәжірибесі мен оның тарихи себеп салдары

Бүгінгі күні тек тарихқа айналса да, Нага халықтарының бас алу тәжірибесі олардың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінде өзіндік өрнек, терең із қалдырған өткен өмірінің бір бөлігі екені талассыз. Өкінішке орай, Нагалардың өткенінен маңызды орын алған және белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылып отырылған, алайда бір қарағанда, қатығез һәм үрей туғызарлық бұл дәстүр сырткөзге әркез тиісті дәрежеде түсінікті бола бермейтіні де анық. Көп жағдайда, оны мән-мағынасыз, кездейсоқ «біреудің басын кесіп алу» немесе көлденең келгенді бір себеппен, ал кейде тіпті ешбір себепсіз де оңды-солды шаба беру деп түсінетіндер жиі кездеседі. Шындығына келгенде, Нагалар үшін «бас алу» ұғымы соғыс жүргізудің маңызды тәсілдерінің бірі және «қорғаныс пен өмір үшін жанталас», сондай-ақ, жаттың езгісінде қалмай, емін-еркін, тәуелсіз өмір сүру жолындағы қажеттіліктің айғағы болды (Vashum, R., 2000).

Бас алу салт-дәстүрі, ең алдымен тайпа аралық әскери басымдылық пен саяси билік күшінің көрнекті мысалы, өйткені XIX ғасырдың ортасына дейін Нага халықтары түгелдей дерлік тәуелсіз тіршілік еткені мәлім, олардың бір ортақ

саяси тұрғыда біріккен, бір билікке бағынған мемлекеті болған жоқ. Бір ауыл бір ауылдың алдында өзінің әскері қабілеті мен күш-құдіретін көрсетуге барынша тырысып, ағашқа іліп қоятын жауының бас сүйегінің қаңқасын жинауда бәсекеге түсетін. Бас алу салтын ұстанатын барлық Нагалар арасында бастарды арнайы үйге жинап, өткен сұрапыл шайқастардағы ерліктерін еске түсіріп тұратын ескерткіш ретінде сақтап қоятын әдет кеңінен тараған (Vashum, R., 2000). Тіпті қазірдің өзінде де, кейбір Нага ауылдарынан ағылшындар үкіметінен әлдеқайда бұрын ұстанып келген бұл көне салттың қалдықтарын – адам мен жабайы аңдардың бас сүйек қаңқаларын сақтаулы күйінде ара-кідік кездестіріп калуға болады.

Аолар арасында күйеуі Э. Кларкпен бірге миссионерлік қызметке отыз жылға жуық өмірін сарп еткен Мэри Мэд ханым тайпаның бас сүйектер үйіндегі “олжаларының” көптігімен даңқы шыққан, аты аңызға айналып дүркіреген Мераңқоңның қалай Ао руының қаһарман ауылына айналғаны туралы естелігінде:

“Нага бөктерлеріне келген алғашқы күндерімізде бізге жол көрсеткендер Мераңқоңды біз тұрақтаған Молуңнан кейінгі христиан уағызшысын жылы қарсы алған бірінші ауыл деп еске алады. Нагалардың айтуынша, ондағы шайқастардың көп болатындығы сонша, санасаң шаш жетпейтін, соғысқа әбден бейімделген әскері қуаты орасан зор, ірі ауыл еді; әрі олар мұны үлкен мақтанышқа балайды; ал ауыл отрасындағы арнайы үйде тізіліп тұратын бас қаңқалары оның теңдесі жоқ құдіреттілігінің көзбен көрер бұлтартпас айғағы болатын” деп жазады (Clark, M.M., 1907).

Бас алу тәжірбесі – Нагалалардың уақыт теңінен өтіп, өз даму жолымен белгілі бір дәрежеде шындалған, соғыс тактикасындағы өзіндік бір дәстүр-салтқа айналған қорғаныс пен шабуыл тәсілі. Басқа сөзбен, бұл көне заманғы қарабайыр тайпалардың бірі біріне үстемдік етіп ең мықты дегені тірі қалады деген қатал қағидаға сүйенген ежелгі қоғамның талаптарынан туған тарихи шындық.

Ауыл-ауыл болып қоныстанған бір ру немесе бір тайпаның екіншісіне саяси күшін дәлелдеп, тіршілік құрған бұл шағын қауымдық бірлестіктер жаңа заманның тарихи даму кезеңінде әлемнің басқа халықтарымен салыстарғанда әлдеқайда артта қалып қойғаны белгілі. Оның себеп-салдарын алдымен Нага тау халықтарының геосаяси алғышарттарына сіл-

теуге болады. Үнді субконтинетінің солтүстік шығыс аймағында XIX ғасырдың ортасына дейін өз бетінше сыртқы саяси ықпалдан тыс, оңаш-оқшау өмір сүрген бұл тайпалар отаршыл үкіметтің өркениеттендіру саясатына мүлдем кездейсоқ ұрынды десек жаңылмаймыз. Олардың ғасырлар бойы салт-дәстүрлерінен баз кешіп, христиандану мен заманауи өмірге бейімделуі бір сөзбен айтқанда өркениеттену тарихы өз алдына бір бөлек зерттеліп келе жатқан ауқымды тақырып.

Ао Нагаларының патриоттық сезімі мен жан беруге дайын батырлық пен ерлікке ұмтылуы дәл осы бас алу тәжірбесімен астасып жатыр. Ариджу жүйесі (ерлер жатағы) жас жеткіншектерді қатаң әскери тәртіпті ұстанып үздіксіз соғыс өнерінің қыр сырын жетілдіре түсуде маңызды роль атқарды. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі бүтіндей тек тайпаның ерек қауымының әскери дайындығына тәуелді болды.

Әрбір Ао ауылы орталықтанған не біріктірілген үлкен бір билікке (хандық, патшалық) бағынбай, өзіне өзі тәуелді саяси бірліктерді құрай отырып, әр ауыл өзінің ішкі жағдайы мен хал-ахуалын өзі реттеп отырған. Тіпті араларында түрлі дау-дамай туындаған жағдайда мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Алайда, қанша тәуелсіз тіршілік жасады десек те, қыр астында жау барын және сырттан келер шапқыншылық қауіпін қашанда қаперінде ұстаған.

Қалай болғанда да тайпалар арасындағы шапқыншылық пен шайқас әр кезде бірдей оқыстан, аяқасты бір біріне тап беруді білдірмейтінін түсінген абзал. Батыс өркениетінде тағы танылған тайпалар мұндай әрекетті не болса да мақұлдамаған, қасиет тұтпағанын айта кету керек. Көп жағдайда жаушы жіберіп, соғыс болатынын алдын ала жұмбақтап хабарлайтын болған. Әдетте тұтқиылдан себепсіз соғыс бастау әділетсіз әрі нағыз батыр жауынгер халық үшін жат нарсе болып есептелген, яғни қандайда бір бөтен жұртты шауып, бас алуға қандайда бір нақты себеп болуы негізгі шарт.

Бас алудың бір белгіленген заңдылықтарға сүйене, әдет-ғұрыпқа сай жүзеге асырылғандығына да дәлел көп. Жалпы тайпалардың мінез құлқынан турашылдық, адалдық пен әділдік секілді қасиеттерді құрметтеп, дәріптей білгенін көруге болады. Мәселен, тайпа тарихында бірқатар ортақ мәселелер мен үлкен дауды қан төгіссіз шешуге барынша тырысқан жағдайлар жоқ емес және оның өзіндік жолдары да болған.

Бұл істі “Аолидаңгер”, яғни елші аттандырып қарсы жақтың жауабын күткен, бұл әрекет ойдағыдай шешілмеген жағдайда ғана даудың арты соғыспен бітетін болған (Bendangangshi, I., 2000). Аолардың ең ірі Мераңқоң ауылы мен Кониактардың тоғыз ауылының біріккен әскери күші арасындағы шайқаста дәл осы дәстүрдегі соғыс кодексінің сақталғаны туралы Т. Пензу төмендегідей мысал келтіреді:

“Кониак біріккен күштері Мераңқоңға жабайы ағаш жапырақтарына туралған курай бөлшектері мен пальма ағашының жапырақтары, ағаш көмір түйірлері мен ащы қызыл чили бұрышы оралған сәлемдеме жолдайды. Орама сыртынан ұзындығы екі қарыс тоғыз бамбук талшықтарымен айналдыра буылған. Бұл ежелгі сфинкстер жұмбақтарына ұқсас астарлы жолдаманың мағынасы: курай мен бамбук – ауыл жұртының үйлері, көмір – өрттің нышаны, яғни ауылдың отқа орап, күлге айналдырамын дегенді меңзесе, ащы бұрыш – құрбандардың жан күйігі мен зарын, ал тоғыз талшық – Мераңқоңды жан-жағынан қысып, бағындыруға бекінген тоғыз ауылдың күшін білдірсе керек” (Penzu, T., 2009).

Әдетте мұндай астарлы хабар алған тарап өзіне қойылатын үш шарттың біріне тоқтауы тиіс: 1) жеңілгенін мойындап берілу және жыл сайын немесе бір мәрте салық төлеуге келісу; 2) ауылдан тыс алыс жерде бекініс құрып басқа оңтайлы деп санаған уақытта шайқас болатын күнді белгілеп уағдаласу; ия болмаса 3) жаумен бетпе-бет келіп, шапшаң соғыс қимылдарына көшу.

Ара-тұра екі ауылдың арасында дау туғанда белгілі бір жерде кездесіп, сұрапыл шайқастар да болатын. Мұндай жауапты күнде ру батырлары бар салтанатымен бұрынғы ерліктерінің белгілерін тағынып, саймандарын сайлап, сауыттарын киіп шығатын болған. Аталмыш ресми шайқаста алынатын бастардың саны әдеттегіден аз болуы мүмкін. Екі жақ та бір біріне тура және ашық шабуылдауға бірдей мүмкіндік алатын; сондай-ақ, жеңімпаз тарап өлтірілген жауынгердің ауылы мен үй-іші, туыс-туғанына естірту үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті болған. Ол үшін марқұмның басы алынбастан бұрын оның аты-жөні, тегін не әкесінің атын, қай ру, қай ауылдан екенін білуі шарт, яғни қарсында тұрған жауы туралы жалпы ақпаратқа қанық болуы керек, осыдан соң марқұмның ауылына оның кімнің қолынан өлгенін хабарлайтын болған. Бұл өлген жауынгердің ұлдары мен туған-

туысының өзі үшін кек қайтаруға толық құқы бар екенін мәлімдеудің бір түрі болып табылады, яғни әділ болуға ұмтылған тайпалардың өзіндік заң қағидаттары болғандығының бірден бір дәлелі осы. Бұл өлтірген хәм өлген жауынгердің екеуінің де жеке басына қатысты барлық мәлімет ашық жариялануы – тайпалар арасындағы жазылмаған заң іспетті болды, әрі оны бұзу жазаға лайық әділетсіздік болып саналған. Бұл салтты басқа қырыннан қарастыратын болсақ, әрбір бас алу тәжірбиесі өткендегі шайқастарда қаны төгіліп, басы алынған бауырының, әкесі не жақын туысының кегін ашық майданда алу үшін әрбір еркек кіндікке берілетін бір мүмкіндік дегуге де болады.

Соғысу тактикасында Аолар орман арасына жасырынып тұтқиылдан шабуылдау тәсілін жиі қолданды. Ауыл жұрты егіс алқаптарында күнделікті тірлігімен айналысып, қаперсіз жүрген кезде не тыныш жатқан ауылдарға ойда жоқта тап беріп немесе жол тораптарына тұзақ құрып, өткен кеткен жау әскерінің байланысын үзуге тырысып тұтқиылдан шабуылдаған. Қалың орман ағаштары мен бұталардың тасасынан найза, садақ, жебе секілді қару-саймандарын сайлап, сақадай сай тұратын. Кей кезде шабуылдаушы тарап қарсыласының ауылына өрт қойып, түн жамыла шабатын жағдай да жиі кездеседі. Шабуыл күтпеген жерден болғандықтан, қорғанушы тарап тұрағын тастай сала орманды паналап, мәжбүр күйде жасырын шабуыл тәсіліне көшкен, осы жерден қарсылық көрсетіп ауылын қайтарып алуға тырысқан. Осылайша, шабуылдың бұл түрі қарсыласқан екі тараптың бірі беріліп, жеңімпаз жақтың шартын орындап, сұраған құнын толық өтеуге келісім бермейінше жалғаса беретін болған.

Ескі Нага қоғамында бас алу тәжірибесіне тікелей қатысты тағы бір маңызды рәсім – әр жорық пен ұрыста ерекше ерлігі үшін даңқа бөленген хас батырларға арнайы сый тартып, жөн-жоралғы жасау дәстүрге енген. Бұл орайда әр Аоның қоржынында тек адам басының болуы шарт емес-тін, себебі, әр Ао отбасына қауіп-қатер тек адам баласынан келмейтінін олар жақсы білетін. Орман ішін өз мекеніне айналдырған бұл тайпалар тағы табиғаттын әрбір тосын сыйына дайын тұруға әбден дағдыланған. Сондықтан, Ао қаһарманының қоржынынан жолбарыс пен жабайы қабан, қасқыр, жабайы бұқа секілді орман жырқыштарының бастары да табылуы таң қалдырмайтын әдеттегі жағдай. Әрбір төнген қауіп-қатерден өз отбасын, елін, жұртын жан

беріп қорғау әрбір жауынгердің қасиетті борышы болғанын атап өткен жөн.

Бас алу тәжірбесі мен құнарлылық ұғымының байланысы

Ежелгі Аолар түсінігінде бас алу салтының тайпа күш-қуаты мен жердің құнарлылығына тікелей қатысы болды. Сайып келгенде, Аолар жеңген жауларының бастарын неғұрлым көбірек жинаған сайын, тайпаның жан қуаты күшейе түседі деп білді және онымен қоса арнайы құрбандық ұсынып өздерінің табынатын тәңірі – Лиджабаның жарылқауын асыға күтті (Smith, W.C., 2009). Бас алу тәжірбесі, шындығында, жан алу үшін жасалатын қарекет болып табылады, ал оның нақты бір салтқа айналуы тайпалардың адам жаны оның басында болады деген сенімнен туындайды, әрі жауының бүкіл денесін сүйреп келгеннен гөрі басын ғана әкелу әлдеқайда жеңіл жұмыс екенін де ескеру керек (Mills, J.P., 2003). Аолар үшін бас алу тәжірбесі табиғаттың тылсым күштерінен күш алып қуаттанудың бір құралы болды. Дж. П. Милс өзінің кітабында Аолардың құрбандық шалу көрінісін төмендегідей суреттей келе «*Tur*, яғни тайпа әскерінің қолбасшысы *маңкотероң* талының астында тұрып, апыл-ғұпыл тірі тауықтың жүнін жұла “бұл алынған бастар – жау күнәларының жалғыз өтемі және олар елімізге өсіп-өркендеу мен мол өнімді егін, ырыс-береке әкелсін! Бұдан кейін де шалынатын сансыз құрбандар үшін жасалған дұға!” деп бамбуктен жасалған пышақпен жануардың өңешін орып түседі” деп жазады (Mills, J.P., 2003).

Аолардың бас сүйекке деген сұранысы белгілі бір уақыттарда, әсіресе, жаңадан Ариджу құрылысына кіріскен кезде, құрғақшылық салдарынан егін шықпай қалғанда немесе тайпаны індет жайлап, елдің басына нәубет төнгенде ерекше жоғарлайтын. Осылайша, ежелгі Аолар бас алу салтының жан мен мал ырысын арттыруда бұл діни жоралғыларды жүзеге асырудың өмірлік маңызы зор деп түсінді.

Бас алу салтының «Арен» ұғымына қатысы

Бас алу тәжірбесінде белгілі бір шектеу болған жоқ; еркек не әйел болсын, немесе кез келген жастағы балалар болсын, барлығының дерлік басы бірдей құнды олжа саналды. Алайда есінен айырылған немесе кемтар және бүкір адамдар, саңыраулардың басының бағасы болмады. Жас әйелдердің басы бірнеше себептерге байланысты анағұрлым құнды деп есептелген. Генерал-майор Джеймс Джонстоунның пікіріне жүгінсек, нәресте мен әйел адамды өлтіру – ер кісімен салыстырғанда оңай шаруа емеседі,

себебі бұл ерекше қатыгездікті талап ететін және жау елінің ең қиын түпкірлеріне еніп, ең қастерлісін алуды білдіретін (Johnstone, J., 2002). Екіншіден, оның тағы бір себебі, жауының әйелдерін өлтіру арқылы олардың санын азайтуға ұмтылу және бағалы әшекей болып саналатын әйелдер шашының тапшылығында болды. Бас алу шындығында өте қауіпті әрі қиын тәжірибе болды, өйткені жауынгер құрбанының басын ғана емес, оның жанын да қолға түсіру үшін арпалысты. Тайпалардың адам жанының «көп түрлілігі» туралы түсінігіне сәйкес адамның басы оның денесінің ең қасиетті бөлігі саналған (Andrew, C., 1985).

Ежелгі Аолар *арен*, яғни адам жанының күші немесе рухы оның басында болады деп есептеген, сол себептен оның бар тіршілігінің тынысы, ырыс-берекесі, бақ-дәулетінің бәрі осы қайнар көзіне тікелей тәуелді болады сенген. Ұрпақ өсімталдығының негізгі де Аолар үшін осы *аренге* байланысты еді. Сондықтан, өз руының *арен* қуатын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – бәсекелесінің басын алып, оның рухына қожалық ету болды. Аолар қарсыласының жаны *арен* үшін «тыңайтқыш» қызметін атқарып, жеке бастың ғана емес, бүтіндей тайпаның өсіп-өніп, өркендеуіне көмектеседі деп сенді. Мунда тайпаларының арасында да бас алу мен егін өнімділігіне қатысты қалыптасқан ұғымдардың Аолармен параллель тұстарын табуға болады. Бұл тайпалар жаудың қолына түспесін деп өзінің өлген жауынгерлерінің басын өздері бірінші кесіп алатын болған, ал соғыстан қайтып келе жатқан жауынгерлерінің алдынан бидай шашып, егін түсімі мол болсын деп ырымдайтын болған. Осылайша, Мундалар мен Ао Нагаларының бас алу тәжірбесіне қатысты наным-сенімдерінің ұқсастығын байқаймыз.

Әдетте жас жауынгердің ең алғашқы бас алу тәжірбесі сәтті өткен жағдайда жорықтан кейін көптеген рәсімдер мен әдет-ғұрыптар жасалып отырған. Мысалы, Сема Нагалары ауылына кірместен бұрын бас шапқан қолдарының қаны кеппей тұрып, жауының ас-суынан дәм татуы шарт екен. Бұның мағынасы – жеңілгеннің рухы мен оның ырыс-берекесі осылайша жеңімпазға өтуі тиіс. Ао әйелдері алынған бастың құдды бір рухын жұбатқандай оған ас ұсынып: «Енді сені мен асыраймын. Өз артыңнан әке менен шешенді, ұлдарың менен қыздарыңды да ала кел!» деп оның туыстарының да рухын шақырады екен (Aglaja, S., Peter, V.H., 2002). Бұдан кейін оны *маңкотероң* ағашына іліп күнге

әбден кептіреді де, соңыра бас сүйектер үйі – *Ариджуға* немесе кейбір тайпалар бөренеден жасалған үлкен дауылпаз секілді дабыл қаққыш аспап – *суңқоңның* үстіне қатар қатар тізіп қояды екен (Bendangyabang, Ao, 2004).

Бас алу тәжірбесі мен жауынгердің қоғамдағы мәртебесі

Аолардың *аренге* жетумен қоса бас алу тәжірбиесін жүзеге асырудың басқа да маңызды мотивтері баршылық. Бұл Ао жұртының әшекейлер мен арнайы өрнектелген қолдан тоқылған жамылғылар Ао қоғамында ер кісінің әлеуметтік дәрежесін білдеретін болған, соған байланысты оның әйелі де қызына да еркеше құрмет берілген (Bendangyabang, Ao, 2004).

Көне Ао қоғамында мұндай ата-баба дәстүріне деген үлкен құрметпен шебер безендірілген қасиеті сауыт-сайманды киюге құмартпайтын жас жігітті елестету қиын болды. *Маңкотенсу*, *талептатсуңгерсу*, *нокинкертесу* деген бірнеше атаулармен белгілі қораз, жолбарыс, арыстан, митхун (жабайы бұқаның түрі), піл, мүйізтұмсық құс, Ай мен Күн, *жапиллий* (Нагалардың көне теңгелері), дао найзалары, бассүйектен жасалған найзалар т.б. бейнелерін салып тоқыған қызыл және қара жолақты жамылғы-шәлілер мен аюдың терісінен жасалып, оның Аолар *озуми* деп атайтын бөлігі мүйізтұмсықтың қанаттарымен әшекейлендірілген *демку* деп аталатын бас киім де жауының бас алған жауынгерге ғана киюге рұсат етілетін. Сонымен қатар, басқада тайпа тіршілігінен талай сыр шертетін түрлі өрнектермен безендірілген бұйымдар да аз емес; *сукхуйю* әшекейі (ақ ешкінің ұзын қылдарын қызылға боялған қылдармен араласырып өрнектелген зат), *сукхупоң* (ұзын шаштың қылдармен әшекейленген жебе салатын құты), *кепдаң* (кеудеге киетін қалқан), *шету* немесе *санха* (жабайы қабанның азу тістерінен тағынанатын алқа), *кхаңсерие* (мыс сырғалар), міне, бұл жоғарыда айтылғанның барлығын кию мәртебесі тек бас алу тәжірбиесінен өткен, осы құрметке лайық деп табылған нағыз Ао батырына ғана тиесілі болды (Bendangangshi, I., 2000). Басқа сөзбен айтқанда, бас алу тәжірбиесінде елеулі табысқа жету – қоғамның қошеметіне бөленіп үлкендердің батасын алудан бөлек, жас Аоның әлеуметтік дәрежесі де өсіп руының батырға лайық, үлкен-кіші тамсанатын керемет сый-сыяпаты, яғни жауынгердің қасиетті саймандарын алу деген сөз.

Ао бозбалаларының бас алуға барынша асығуының тағы бір себебі осы арқылы олар

өздерінің қалаған сұлуына оңай үйлене алатын еді. Себебі, мұндай ерекше дәрежеге жеткен қаһарманды кез келген ару армандайды, отбасын кез келген қауіп-қатерден қорғай алатын нағыз ер – әрбір Ао әйелі үшін қауіпсіз өмірдің ең сенімді кепілі. Сондай-ақ, көне Ао қоғамы бұл рәсімнің өз ұрпақтарының болашағына да тікелей әсері етеді деп білген: басын алған адамның рухы жеңімпаздың еркектік қасиетінің еселеніп, әйелінің құрсақ көтеру қабілетін жоғарлатады-мыс, нәтижесінде, дүниеге келетін ұлдары жүрек жұтқан батыр болып туады деп сенген (Clark, M.M., 1907). Ао қыздары болашақ жұбайларын бұл рәсімнен негұрлым ерте өтуіне барынша ат салысып, жігер беріп отыруға тырысқан, ал шайқастан қоржынын толтырып, «олжалы» оралғанда оларды Ао әйелдері бірінші болып дауыс шығарып қарсы алатын болған (Hutton, J.H., 1982). Бас сүйектерді көзге көрсетіп, іліп қоятын арнайы үй – Ариджуға өз үлесін қоспаған әрбір Аоны руластары еркек деп атауға асықпаған, тіпті, керісінше келемеждеп, намысын оятуға тырысқан. Басын алып жауын тізерлетпеген Ао жігітінің бойжеткенге ұнауы да қиын еді (Smith, W.C., 2009).

Ежелгі Ао нагаларының ұғымында жердің құнарлылығы мен егіннің шұрайлылығын артыру үшін бірден-бір маңызды және қажет деп саналатын бұл тәжірбие тек ата-бабаларынан қалған мұра ғана емес, сондай ақ, ол алынған бастардың рухы о дүниеде де қызмет ететініне сенген (Clark, M.M., 1907). Бұдан олардың өлімнен кейінгі ана дүниелік өмірге сенгендігін көреміз. Осылайша, одүниелік болған әр жауынгер бақиға барар жолында өзі өлтірген адамдарды кездестіретіні хақ және жәбірленуші жауынгердің жүгін көтеріп, оған сол «Өлілер еліндегі» сапарында адал қызмет етеді-мыс (Mills, J.P., 2003).

Аолардың неліктен бас алумен айналысқанын және олардың бұл дәстүрлі түсінігінің жалпы мағынасын пайымдау үшін, алдымен, Аолардың өз-өзіне және тайпа қауымдастығына өмірлік маңыздылығынағасырлар бойынанып, қастерлеп келген мәдени және діни ерекшеліктерін жіті талдап қарастырған жөн. Бұл Аолардың немесе басқа да осыған ұқсас дәстүрді ұстанған Нага тайпалық қауымдастықтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігінен нәр алып, салтқа айналған, жүйелі және институционалдық тұрғыда өз бетінше негізделген, тарихи қалыптасқан, тайпалық мәдениет түрлерінің бір көрінісі деуге болады. Қас жауының басын алған әрбір Ао – дұшпаны мен руластарының алдында өзінің

күш-қуатын көрсетіп қана қоймай, жерінің құнарлылығын арттырып, жұртына ырыс сыйлайтынына иланды. Аолар үшін бас алудың тағы бір себебі – өзін әйел қауымына мойындату, яғни болашақ жарының көзінде от басының абыройын тапталмай, кез келген жағдайда дұшпаннан қорғай алатын нағыз еркек ретінде құрметке лайық болу. Сондықтан, Ао тайпасының жас жігіттері алғашқы шабуыл не жорықтан олжалы оралып, өз жауының басын қанжығасына байлап, ерлігіне көптің көзін жеткізбейінше жүрегі қалаған бойжеткеннің де көңілінен шыға алмайтынын да ұмытпаған (Smith, W.C., 2009).

Қалай болғанмен де, Нагалар арасындағы бас алу тәжірибесі тек жауластық пен жазалау, кек алу немесе құн төлеумен байланысты десек те дұрыс болмас. Себебі оның белгілі идеологиялық негізге бағынатын, қатаң қағидалары мен ережелері, этикалық талаптары, тіпті өзіндік жөн-жоралғылары да аз емес. Бұл заңдар аса қажет жағдайда, белгілі бір себептермен қайта қарастырылуы да мүмкін болатын. Алайда, бұл үшін руластар өз арасынан сайланатын беделді, ерлігі танылған ел ағалары мен ақсақалдар кеңесіне жүгініп отырған.

Осылайша, бас алу салты – жаугершілік пен бәсеке, талас пен тартысқа толы тайпа өмірінде жорықтан қайтқан жауынгерлердің ең үлкен жетістіктерінің нақты дәлелі хәм халқының алдында жауынгердің данқ абыройын асқақтатып, әйел қауымының алдында беделін асырып, оның құрметі мен көңілін жаулап алудың ең сенімді жолы болды. Сондықтан, Ао жастарының жауға қарсы жорыққа деген тағатсыз құлшынысы мен дұшпанымен жекпе-жекке түсіп, қанжығасына мейлінше көбірек бас байлауға деген ұмтылысының астарында әр Ао жігітінің асыл арманы: атақ абырой ар намыс жеңіс пен құрметке жету еді. Ал бұл өз кезегінде күш пен қайрат, мінез бен тектілік, ақыл мен жаужүректілікті талап ететін іс болды.

Алайда, шамамен 1874 жылы Үндістанның солтүстік-шығыс өңіріне американдық баптист миссионерлерінің келуімен қатар, Британ билігі бүкіл Нага тайпалары арасындағы бас алу салтына тиым салды. Ресми үкімет оны заңсыз деп тауып және жарлыққа бағынбағандарға айыппұл салынтыны жарияланды. Британдықтардың үкіміне сәйкес мұндай ауыр қылмыс жасағандар Андаман мен Никобар аралдарына жер аударылып, түрмеге жа-

былды. Бұндай қадамдар әрине, тайпалар мен ауылдар арасында бітім, қауіпсіздік пен тәртіп орнатуға оң ықпал етті. Батыстың өркениетті әлемі бұл әрекетті жақтамағаны сөзсіз; алайда, қандай да бір әлеуметтік иямәдени тұрғыда оғаш көрінетін нәрселер іс жүзінде әр қоғамда әртүрлі құндылықтарды білдіруі де әбден мүмкін. Бас алу – тайпа қоғамындағы үлкен мәртебе мен әлеуметтік тұрғыда мансаптың ең жоғарғы сатысына апаратын жол еді, сондықтан Нагалардың арасынан көне дәстүрін қолдап, олардың қаһармандығының бек нышаны, оюлы жамылғы мен эшекейлі бас киімдерінің бұл тәжірибесіз барлық мән-мағынасынан айрылатындығына шағымданып, билікке қарсы шыққандар да болды (Mills J.P., 1935).

Қорытынды

Қысқаша айтқанда, Батыс өркениетті қоғамының көз алдында жабайылықтың көрсеткішінен басқаны білдірмеген бас алу тәжірибесі Ао Нагаларының ежелгі қоғамында саяси, діни және экономикалық маңызы бар, өзіндік бір идея мен мағынаға негізделген жүйе екендігін көреміз. Алайда отаршыл билік пен дін арқылы өркениеттедіру миссиясынан Нага халықтары тек қана зардап шекті десек те біржақты пікір болар еді. Бас алу тәжірибесінен XIX ғасырдың ортасынан Нага бөктерлеріне келе бастаған христиан уағызшыларының үгітімен, тайпалардың жаңа дінге енген бөлігі өз бетімен бас тартса, қалған бөлігі ағылшын үкіметінің араласуымен, заң жүзінде тыйым салынғаннан кейін бұл дәстүр біртіндеп жойылып кетті. Бас алу тәжірибесінің жойылуы Нага халықтарының санының күрт артыруына себеп болды. Тайпа аралық соғыстың тыйылуымен қоса, медициналық білімі жетік миссионерлердің көмегімен ауру-сырқау мен өлім-жітім деңгейі де айтарлықтай төмендей бастады. Британдық биліктің жетпіс жылға жуық уақыт аралығында (1881 – 1947 жж.) Нага халықтарының саны 1881 жылы 95 950 болса, 1951 жылға қарай 205 950 адам басына жетті (Piketo, S., 1992). Осылайша, бір кездері көне Ао қоғамында әлеуметтік, мәдени және діни тұрғыдан қолдау тапқан бұл тәжірибе қазіргі кезде толық дерліктей христиан дініне бет бұрған жаңа Нагалардың бүгінгі ұрпақтары үшін тек тайпалардың өткен тарихының нышаны ғана боп қалды.

Әдебиеттер

- Aglaja, S. & Peter, V.H., (2002). *The Hidden World of the Nagas: Living Traditions in Northeast India and Burma*, New Delhi, pp.128.
- Andrew, C., *West. Nineteenth century Naga material culture.*//No.18 (June 1985), pp. 21-34. Stable URL: <http://www.jstor.org/stable/40839119>.
- Albaugh, D.M.,//*The Baptist missionary magazine*, Vol., LXXI, (September 1891), №9, pp. 403.
- Alemchiba, M., (1970).*A Brief Historical Account of Nagaland, Kohima*, pp. 20.
- Bendangyabang, Ao, (2004). *History of Christianity in Nagaland: Social Change, 1872-1972*, Bangalore, pp. 40.
- Bendangangshi, I., (2000). *Glimpse of Naga History. Vol-II, Origin and Migration of the Nagas, the Ao Naga Polity*, pp. 211-213.
- Bendangsashi, I., (1998). *Folk Tales of the Nagas*, Guwahati, pp.182.
- Clark, M.M., (1907).*A Corner in India*, American Baptist Publication Society Philadelphia: Judson Press, pp. 45-46.
- Eaton, R.M., (1984). *Conversion to Christianity among the Nagas 1876-1972*, //IESHIR, Vol.21, pp. 402.
- Ganguli, M., (1984). *A Pilgrimage to the Nagas*, Oxford & IBH, Delhi, pp.138 p.
- Hutton, J.H., (1982). *The Significance of Head Hunting in Assam.* \ Journal of the royal anthropological institute. Vol. LVII, pp.72.
- Johnstone, J., (2002). *Manipur and the Naga Hills*, New Delhi, pp. 30.
- Mills, J.P., (2003). *The Ao Nagas. – The Government of Nagaland*, pp. 510.
- Mills, J.P., (1935). *The Effects of Rituals upon Industries and Arts in the Naga Hills*, pp.132-35 //Anthropological Institute of Great Britain & Ireland, URL: <http://www.jstor.org/stable/2789672>
- Penzu, T., (2009). *Ancient Naga Head Hunters*, New Delhi: Mittal publication, pp.73.
- Piketo, S., (1992). *British Policy and Administration in Nagaland, 1881-19*, New Delhi: Scholar Publishing House, pp. 203.
- Smith W.C., (2009). *The Ao Naga Tribe of Assam*, New Delhi: Mittal publication, pp. 71-72.
- Vashum, R., (2000). *Nagas' Right to Self-Determination*, Delhi: Mittal publication, pp.15-16.